

**«Қазақстандық салалық білім және ғылым қызметкерлерінің кәсіподағы» ҚБ 2020 жылға арналған кәсіподақ кадрлары мен активін оқытуды ұйымдастыру жөніндегі НҰСҚАУЛЫҚТАР**

Кәсіподақтың Салалық Кеңесінің басымды жұмыс бағыттарының бірі кәсіподақ кадрлары мен активін оқыту болып табылады. Мақсатты бағытталған және жүйелі оқыту кәсіподақтағы мүшелікке саналы қатынасты қалыптастырып, жұмыс жасайтындардың құқықтары мен мүдделерін қорғаудың тиімді нысандары мен әдістерін жасауға септігін тигізеді.

Кәсіподақ оқуының жағдайы кәсіподақ қозғалысын дамыту тенденциясымен байланысты және еңбек адамын әлеуметтік-экономикалық қорғаудың тиімді қолданыстағы институты ретінде кәсіподақты нығайтуға ықпал етеді.

Кәсіподақ құрылысының заманауи кезеңі, ҚР «Кәсіптік одақтар туралы», «Педагог мәртебесі туралы» Заңдары кәсіподақ кадрлары мен активін, кәсіподақ мүшелерін даярлау, біліктіліктерін арттыру жүйесіне жаңа талаптар қояды, осыған байланысты барлық деңгейлердегі кәсіподақ органдары кәсіподақ оқуының бағыттарын қайта қарап, оны өткізу мақсатын, нысандары мен әдістерін анықтауы қажет.

Кәсіподақ кадрлары мен активін оқытуды ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулықтар Қазақстандық салалық білім және ғылым қызметкерлері кәсіподағының XIV съезінде қабылданған Қазақстандық салалық білім және ғылым қызметкерлері кәсіподағы қызметінің 2019-2024 жылдарға арналған Бағдарламасында көрсетілген принциптер негізінде әзірленді.

***1. Кәсіподақ оқуының мақсаттары мен міндеттері***

Кәсіподақ оқуын ұйымдастыруды әрі қарай жетілдіру мақсаты кәсіподақ қызметкерлерінің біліктілік деңгейін арттыру, алынған білім негізінде кәсіподақ активінің неғұрлым белсенді бағытын, кәсіподақ мүшелерінің мүдделері мен құқықтарын білікті қорғауын қалыптастыру болып табылады.

**1. Негізгі міндеттер:**

1.1. Еңбек және өзге де қоғамдық қатынастардың заңгерлік, экономикалық және әлеуметтік мәселелері бойынша қажетті білімді меңгеру. Осы білімді тәжірибелік жұмыста қолдана білу.

1.2. Облыстық, аумақтық, аудандық (қалалық) кәсіподақ комитеттерінің, бастауыш кәсіподақ ұйымдарының, кәсіподақ топтарының, комиссиялардың кәсіподақ қызметінің түрлі бағыттары бойынша жұмыс тәжірибелерін зерттеу және жинақтау. Жұмыста салааралық және халықаралық кәсіподақ қозғалысының тәжірибесін пайдалану.

1.3. Кәсіподақ мүшелері мен сайланбалы кәсіподақ органдары арасында

ақпараттық өзара іс-әрекетті күшейту.

1.4. Кәсіподақ мүшелігіне ынталандыру жөніндегі жұмыс нысандары мен әдістерін зерттеу, кәсіподаққа саналы мүшелікті қалыптастыру, кәсіподаққа жұмыс жасайтын қызметкерлерді тарту жөнінде үгіттеу жұмысын жүргізу, кәсіподақтың ықпалы мен беделін нығайту.

1.5. Әлеуметтік әріптестік принциптерін Салалық Кеңес, облыстық, аумақтық, аудандық (қалалық) кәсіподақ комитеттерінің деңгейімен қатар, еңбек ұжымдарының деңгейінде де әрі қарай дамыту және жетілдіру. Келіссөздер барысына дағдылану, келісімдер мен ұжымдық шарттар жасау тәртібін зерттеу. Еңбек ұжымдарында дау-жанжалды жағдайлардың алдын алу және оны шеше білу.

## ***2. Кәсіподақ оқуының бағыттары***

Жоғарыда көрсетілген мақсаттар мен міндеттерді іске асыру үшін кәсіподақ оқуы келесі бағыттар бойынша ұйымдастырылуы тиіс:

2.1. Ақпараттық-талдау. Бұл бағытқа:

- аймақтар бойынша қазіргі сәтте туындаған проблемалар ерекшелігін ескере отырып, бір күндік семинар-кеңестер өткізу жатады. Кәсіподақтың Салалық Кеңесі, облыстық, аумақтық, аудандық (қалалық) кәсіподақ комитеттері аймақтар бойынша қажеттілікке байланысты, бірақ жылына кемінде бір рет өткізілетін семинарлар кестесін әзірлейді;

- ай сайын бастауыш кәсіподақ ұйымдарының төрағаларымен аудандық (қалалық) комитеттерде семинар-кеңестер өткізу;

- тұрақты жұмыс істейтін кәсіподақ активінің мектептерінде оқыту;

- халықаралық семинарларға, конференцияларға қатысу;

- кәсіподақтың түрлі бағыттары бойынша ұстанымын түсіндіру, кеңестер беру үшін бұқаралық ақпарат құралдарын қолдану, сондай-ақ кәсіподақ ұйымдарының жұмыс тәжірибелерін талдап қорыту;

- ақпараттық, аналитикалық және әдістемелік әдебиеттер зерделеу;

- кәсіподақішілік жұмыс мәселелері бойынша сауалнама жүргізу.

2.2. Кәсіподақ кадрлары мен активін оқыту.

Аталған бағытқа кәсіподақтың Салалық Кеңесінің, облыстық, аумақтық кәсіподақ комитеттерінің деңгейлерінде оқу жылы ішінде тұрақты жұмыс істейтін кәсіподақ активінің мектептерін немесе семинарлар құру негіз болып табылады. Мектептер немесе семинарлар құру, білім алушылар тобын жинақтау туралы шешімді тиісті атқарушы кәсіподақ органы қабылдап, әрі қарай олардың қызметіне басшылық пен бақылауды жүзеге асырып, оқу барысының сапасына жауап береді. Мектеп жұмысын басқару үшін әдістемелік (оқу-әдістемелік) кеңес құрылуы мүмкін.

Семинарлар 1-3 күн ішінде өткізіледі.

Бір жылдағы кәсіподақ оқуының қорытындысы міндетті түрде тиісті кәсіподақ органының отырыстарында талқыланып, келесі жылға жоспарлар белгіленеді.

Тұрақты жұмыс жасайтын семинарлар жүйесінде бастауыш кәсіподақ ұйымдарының төрағаларын оқытуға ерекше назар аудару қажет. Айына кемінде

бір рет жүйелі оқыту бастауыш ұйымдарға, демек әрбір кәсіподақ мүшесіне аймақтағы кәсіподақ жұмысының өзекті мәселелерін жеткізіп, кәсіподақ құрылымының құжаттарын оқуды, кәсіподақ органдарының кәсіподақ мүшелерімен кері байланысын қатамасыз етеді.

Бастауыш кәсіподақ ұйымының деңгейінде қызметке жаңадан қабылданған қызметкерлермен жұмысқа аса мән берілу қажет, оларға кәсіподақ құрылымы, кәсіподақ мүшелерінің құқықтары мен міндеттері, ұжымдық шарт, кәсіподақ мүшелері – қызметкерлердің мүдделерін қорғау құралдары мен әдістері туралы ақпарат беріледі.

Құқықтық жалпыға міндетті оқуды жүргізу аясында еңбек ұжымдарында кәсіподақ үйірмелерін құрудың маңызы зор, онда кәсіподақ мүшелері еңбек заңнамасының негіздері бойынша олардың нақты еңбек қызметіне (жалақыны есептеу мәселелері, жұмыс уақыты мен тынығу уақытының режимі және т.б.) сәйкес қажетті білім ала алады.

### ***3. Топтар құрамы***

Оқу кәсіподақ қызметкерлері мен белсенділерінің келесі санаты бойынша жүргізілуі тиіс:

- аудандық (қалалық) комитеттердің төрағалары;
- бастауыш кәсіподақ ұйымдарының төрағалары;
- кәсіподақ комитетінің мүшелері;
- кәсіподақ комитетінің бухгалтерлері мен қазынашылары;
- еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі техникалық инспекторлар, өндірістік кеңес мүшелері;
- кәсіподақ заңгерлері, құқықтық еңбек инспекциясының қызметкерлері;
- кәсіподақ органдарының мамандары;
- бақылау-тексеру органдарының мүшелері;
- жеке еңбек дауларын шешу жөніндегі келісу комиссияларының мүшелері;
- кәсіптік және техникалық, жоғары, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары.

### ***4. Оқытушылар***

Кәсіподақ оқуының оқытушылары:

- барлық деңгейлердегі кәсіподақ органдарының төрағалары, олардың орынбасарлары, аппарат қызметкерлері;
- Кәсіподақтар федерациясының, Салалық кәсіподақтың, басқа да кәсіподақтардың, соның ішінде шетел кәсіподақтарының өкілдері;
- мемлекеттік билік және басқару органдарының, ғылыми және қоғамдық ұйымдардың, оқу орындарының, ұйым әкімшілігінің өкілдері бола алады.

Кәсіподақ оқуының оқытушыларын таңдау кезінде үміткердің біліктілік деңгейін, оқытудың түрлі озық әдістері мен білім беру технологияларын меңгеруін ескеру қажет.

## ***5.Бағдарлама***

Кәсіподақ оқуының бағдарламалары облыстық, аумақтық, Нұр-Сұлтан, Алматы қалаларының кәсіподақ ұйымдарымен тыңдаушылар мен білім алушылар құрамына, оқыту мерзімділігі мен ұзақтылығына байланысты өз бетімен әзірленеді. Әрбір бағдарламада, білім алушылардың аталған санаты үшін нақты мәселелерден басқа, білім алушылардың барлық санаттары үшін неғұрлым маңызды және ортақ мәселелер көрсетілуі тиіс: қазіргі заманғы жағдайда кәсіподақтардың іс-әрекетінің стратегиясы мен тактикасы, кәсіподақ қозғалысының даму тарихы, әлеуметтік әріптестік, кәсіподақ мүшелігіне ынталандыру, кәсіподақ мүшелерінің құқықтары мен мүдделерін қорғаудың әдістері мен тәсілдері. Тақырыптарды зерттеу салалық кәсіподақтың нақты шешімдерімен, съезд, конференция материалдарымен байланысты болуы тиіс.

## ***6.Әдістер***

Оқыту әдістері тыңдаушылардың барынша белсенділігіне септігін тигізуі қажет, оларды оқыту барысының қатысушылары ету қажет. Ол үшін дәрістер оқумен қатар оқытудың белсенді нысандарын қолданып, талқыланатын тақырыптарға пікірталастар, дөңгелек үстелдер, іскерлік ойындар, тәжірибелік сабақтар, оқу экскурсияларын және т.б.ұйымдастырған жөн. Ақпараттық және статистикалық материалдар, видеоматериалдар, оқу құралдарын, оқытудың техникалық құралдарын кеңінен пайдалану қажет.

## ***7.Қаржыландыру***

Кәсіподақ оқуын ұйымдастыру мен өткізуге бөлінетін қаражат мөлшері жыл сайын анықталып, бекітіледі және кәсіподақ органдарының сметаларында көрсетіледі. Оқытуға бөлінетін қаражаттың ұсынылатын көлемі – жиналатын мүшелік жарналардың жалпы көлемінен кемінде 10 %. Ұжымдық шарттар ережелері арқылы жұмыс берушінің қаражатын өндірістік кеңес мүшелерін, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі техникалық инспекторларды оқытуға тарту мүмкін болады.

## ***8. Нәтижелер***

Кәсіподақ оқуын өткізудің оң нәтижесі осы нұсқаулықтың бірінші бөлімінде айқындалған мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізу болып табылады.

Кәсіподақ оқуы бойынша жұмыс қорытындысы жыл сайын Атқару комитетінің отырысында қаралып, түрлі деңгейлердегі кәсіподақ органдарының осы бағыттағы жұмысына баға беріледі, саладағы кәсіподақ білімінің жүйесін жетілдіру мен кемшіліктерін жою жөнінде нақты шаралар белгіленеді.

## Оқытудың әр түрлі деңгейлерінде семинарлар өткізудің ҮЛГІ ТАҚЫРЫПТАРЫ

1. Саладағы кәсіподақ ұйымдарының ҚР «Педагог мәртебесі туралы» Заңының қабылдануымен байланысты міндеттері.
2. Қазақстан Республикасының кәсіподақтар туралы заңнамасы. Қазақстан кәсіподақтарының ұйымдастырушылық құрылымы.
3. Кәсіподақтар қазіргі заманғы қоғамда: басымдылық, стратегия және тактика.
4. Әлеуметтік әріптестік – қоғам дамуының ықпалды институты.
5. Кәсіподақ мүшелігіне ынталандыру.
6. Кәсіподақ Жарғысы – кәсіподақ жұмысының негізгі құжаты.
7. Қазақстан Республикасы білім және ғылым жүйесіндегі әлеуметтік әріптестік тәжірибесі.
8. Ұжымдық еңбек қатынастарын реттеу жүйесіндегі Бас, салалық келісімдер, ұжымдық шарттар.
9. Салалық келісім мен ұжымдық шарттарды жасау кезінде келіссөздер жүргізу: стратегия және тактика.
10. Жеке еңбек дауларын шешу тәртібі.
11. Ұжымдық еңбек дауларын шешу тәртібі.
12. Еңбекті қорғау жөніндегі жұмысты ұйымдастыруда салалық келісімдер мен ұжымдық шарттардың рөлі.
13. ҚР Еңбек кодексі. Жұмыс берушілердің еңбек заңнамасын қадағалауға кәсіподақтың қоғамдық бақылауды жүзеге асыру түрлері мен тәртібі.
14. Еңбек қауіпсіздігі саласында қызметкерлердің құқықтарын қорғау жөніндегі кәсіподақтың міндеттері. Еңбек қауіпсіздігі жөніндегі өндірістік кеңестер мен техникалық инспекция қызметі.
15. Бюджет саласы қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі. Педагог қызметкерлерге еңбекақы төлеу жүйесіндегі жаңашылдық.
16. Қазақстан Республикасы азаматтарын зейнетақылық қамтамасыз ету Тұжырымдамасы.
17. Еңбек нарығы, жұмыстан босатылатын қызметкерлерді әлеуметтік қорғау шаралары.
18. Кәсіподақ органдарының жастармен жұмыс жөніндегі міндеттері.
19. Кәсіподақтағы қаржы жұмысының мәселелері.
20. Кәсіподақтағы бақылау-тексеру жұмысын жетілдіру.
21. Кәсіподақ жиналыстары мен конференцияларын дайындау және өткізу технологиясы.
22. Кәсіподақ ұйымдарындағы іс қағаздарын жүргізу және статистикалық есеп.
23. Кәсіподақ құжаттарын рәсімдеу тәртібі және кәсіподақ мүшелерін есепке алуды жүргізу.
24. Бастауыш кәсіподақ ұйымдарында есеп берулер мен сайлауларды өткізу тәртібі.

**«ҚАЗАҚСТАНДЫҚ САЛАЛЫҚ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ  
ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ КӘСІПТІК ОДАҒЫ» ҚБ КӘСІПОДАҚ  
ОРГАНДАРЫ АППАРАТТАРЫНЫҢ МАМАНДАРЫ, КӘСІПОДАҚ  
АКТИВИ, КӘСІПОДАҚ ҰЙЫМДАРЫНЫҢ ТӨРАҒАЛАРЫ ҮШІН ОҚУ  
БАҒДАРЛАМАЛАРЫ**

**1. «КӘСІПОДАҚ ҚЫЗМЕТІНІҢ НЕГІЗДЕРІ»**

**Мақсаты:** Кәсіподақ қызметінің өзгеше ерекшеліктері, бастауыш кәсіподақ ұйымдарының, олардың комитеттерінің негізгі жұмыс бағыттары туралы білім беру.

**Тыңдаушылар санаты:** бастауыш кәсіподақ ұйымдарының қайта сайланған төрағалары.

**ОҚУ-ТАҚЫРЫПТЫҚ ЖОСПАРЫ**

№	Бөлімдер мазмұны	Сағаттар саны		
		барлығы	дәрістер	тәжірибелік сабақтар
1	ҚР «Кәсіптік одақтар туралы» Заңы тұрғысында кәсіподақ қызметінің негізгі бағыттары. Кәсіподақтар туралы заңнамаға өзгерістер мен толықтырулар. Қазақстан Республикасындағы кәсіподақтардың ұйымдастырушылық құрылымы.	2	2	-
2	Салалық кәсіподақ – жұмыс мақсаттары, міндеттері, бағыттары. Кәсіподақ қызметінің 2019-2024 жылдарға арналған бағдарламасы. Кәсіподақтардың аумақтық бірлестіктері: қызметтерінің мақсаттары, міндеттері, бағыттары.	2	2	-
3	Кәсіподақтар қызметінің құқықтық негіздері. Кәсіподақтардың қызметкерлердің еңбек және әлеуметтік құқықтарын қорғаудағы рөлі.	4	4	-
4	Кәсіподақтардың жұмыс берушілермен өзара іс-әрекеті. Ұжымдық шарт - ұйымдастыру деңгейіндегі әлеуметтік әріптестіктің негізгі құжаты.	4	4	-
5	Ұйымдастырушылық жұмыстың негізгі бағыттары.	4	4	-
6	Кәсіподақ мүшелігіне және кәсіподақ белсенділігін ынталандыру.	4	3	1
7	Кәсіподақ ұйымындағы ақпараттық жұмыс.	4	2	2
8	Бастауыш кәсіподақ ұйымындағы іс қағаздарын жүргізу.	4	4	-
9	Кәсіподақ лидерінің (көшбасшысының) имиджі.	4	3	1
10	Кәсіподақтардың билік органдарымен және саяси партиялармен өзара іс-әрекеті.	3	3	-

11	Қорытындылау.	1		1
	<b>Барлығы</b>	<b>36</b>	31	5

## 1.2. «ЖАС КӘСІПОДАҚ ЛИДЕРІНІҢ МЕКТЕБІ» Жас кәсіподақ белсенділерін, жастар кеңесінің (комиссияларының, комитеттерінің) мүшелерін оқыту бағдарламасы

**Мақсаты:** жас кәсіподақ белсенділерін алғашқы даярлық. Жастардың белсенді көзқарасын қалыптастыру, жас мамандарды кәсіподақ қызметіне тарту.

**Тыңдаушылар санаты:** жас кәсіподақ белсенділері (30 жасқа дейін)

### ОҚУ-ТАҚЫРЫПТЫҚ ЖОСПАРЫ

№	Бөлімдер мазмұны	Сағаттар саны		
		барлығы	дәрістер	тәжірибелік сабақтар
1	Қазақстан Республикасының жастар саясаты. Негізгі мақсаттары мен бағыттары.	6	5	1
2	Жастардың мүдделері. Өмірлік мақсаттарын қою технологиясы.	6	3	3
3	Ұжымдық шарт – ұйымдағы жастар саясатын жүзеге асыру құралы.	2	2	-
4	Кәсіподақ ұйымдарының жастар кеңестері (комиссиялары) - жұмыс мақсаттары, міндеттері, негізгі бағыттары.	6	3	3
5	Жұмыстың жаңа түрлері мен әдістері, жас кәсіподақ лидерінің қызметіндегі ақпараттық технологиялар.	6	2	4
6	Жобалар қызметі.	6	2	4
7	Жас кәсіподақ лидеріне тәжірибелік психология көмегі.	6	2	4
8	Жобаларды қорғау.	4		4
	<b>Барлығы</b>	<b>42</b>	19	23

## 1.3. «ЖАСТАРМЕН ЖҰМЫС НЕГІЗДЕРІ»

**Мақсаты:** жастармен тиімді жұмысты ұйымдастыру дағдыларын дамыту.

**Тыңдаушылар санаты:** кәсіподақ ұйымдарының төрағалары, жастармен жұмыс жөніндегі мамандар.

### ОҚУ-ТАҚЫРЫПТЫҚ ЖОСПАРЫ

№	Бөлімдер мазмұны	Сағаттар саны		
		барлығы	дәрістер	тәжірибелік сабақтар
1	Қазіргі заманғы жастар саясатының шеңбері	5		

1.1	Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жастар саясаты. Мақсаттары, міндеттері және қаражат көзі.	3	3	-
1.2.	Саладағы, аймақтағы жастар саясаты.	2	2	-
<b>2</b>	<b>Жастармен жұмыстың негізгі принциптері мен тәсілдері.</b>	<b>6</b>		
2.1	Жастар жұмысының негізгі принциптері.	3	3	-
2.2	Жастармен жұмыс бағдарламасын жүзеге асырудың негізгі тәсілдері.	3	3	-
<b>3</b>	<b>Жастармен жұмысты жоспарлау және талдау.</b>	<b>4</b>		
3.1	Жастар жұмысының технологиясы. Жастармен жұмысты талдау және өзіндік баға беру.	4	1	3
<b>4.</b>	<b>Жастармен жұмыстың қызметтік мазмұны.</b>	<b>8</b>		
4.1	Жастармен жұмыс жасайтын белсендінің негізгі қызметтері.	4	3	1
4.2.	Жастармен жұмыс бағдарламасын және жоспарларды дайындауда бағдарламалық-мақсаттық әдісті қолдану.	4	1	3
	<b>Жобаларды қорғау</b>	4	-	4
	<b>БАРЛЫҒЫ:</b>	<b>27</b>	<b>16</b>	<b>11</b>

#### **1.4 . СТУДЕНТТІК ЖАСТАР КӘСІПОДАҚ АКТИВІН ОҚЫТУДЫҢ БАҒДАРЛАМАСЫ**

**Мақсаты:** кәсіподақтың маңызы мен қызметі туралы студент жастардың түсінігін кеңейту, жастарды кәсіподаққа тарту.

**Тыңдаушылар санаты:** ЖОО мен техникалық және кәсіби білім беру ұйымдарының білім алушылары.

#### **ОҚУ-ТАҚЫРЫПТЫҚ ЖОСПАРЫ**

№	Бөлімдер мазмұны	Сағаттар саны		
		барлығы	дәрістер	тәжірибелік сабақтар
1	Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жастар саясаты.	1	1	-
2	Кәсіподақтардың жастар саясаты.	1	1	
3	Жастар бірлестіктері, олардың қызметтерінің негізгі бағыттары.	1	1	-
4	Еңбек заңнамасының негіздері. Жастардың құқықтары мен кепілдіктері.	2	2	-
5	Қазіргі заманғы жастардың мүдделері. Өмірлік мақсаттарын қоя білуі.	3	1	2
6	Студенттік кәсіподақ комитеті, студенттік кеңестер, жастар бірлестіктері. Жұмыстарының қызметі, түрлері мен әдістері.	3	2	1
	<b>БАРЛЫҒЫ</b>	<b>11</b>	<b>8</b>	<b>3</b>

## 2. «КӘСІПОДАҚ ҚОЗҒАЛЫСЫНЫҢ НЕГІЗДЕРІ»

**Мақсаты:** Білім алу және кәсіподақ туралы түсінікті кеңейту, қоғам өміріндегі кәсіподақ қозғалысының маңызы.

**Тыңдаушылар санаты – барлығы**

### ОҚУ-ТАҚЫРЫПТЫҚ ЖОСПАРЫ

№	Бөлімдер мазмұны	Сағаттар саны		
		барлығы	дәрістер	тәжірибелік сабақтар
1	Қазіргі әлемдегі және Қазақстандағы кәсіподақ қозғалысы. Проблемалар мен болашақ.	2	2	-
2	ҚР-ғы кәсіподақтардың ұйымдастырушылық құрылымы. Кәсіподақтардың іс-әрекеттері мен қызметтерінің негізгі бағыттары. Салалық кәсіподақтар және олардың аумақтық бірлестіктері: қызметтерінің мақсаттары, міндеттері, бағыттары.	2	2	-
3	Кәсіподақ қызметінің ұйымдастырушылық-құқықтық негіздері. Қызметкерлердің еңбек және әлеуметтік құқықтарын қорғаудағы кәсіподақтардың рөлі.	2	2	-
4	Кәсіподақтардың жұмыс берушілермен өзара іс-әрекеті. Ұжымдық шарт – әлеуметтік әріптестіктің негізгі құжаты.	3	1	2
5	Кәсіподақтардың билік органдарымен және саяси партиялармен өзара іс-әрекеті.	2	1	1
		<b>11</b>	<b>8</b>	<b>3</b>

## 3. «КӘСІПОДАҚ ЖҰМЫСЫНЫҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ»

**Мақсаты:** бастауыш кәсіподақ ұйымындағы негізгі жұмыс бағыттарының ерекшеліктері туралы білім беру.

**Тыңдаушылар санаты:** бастауыш кәсіподақ ұйымдарының төрағалары.

### ОҚУ-ТАҚЫРЫПТЫҚ ЖОСПАРЫ

№	Бөлімдер мазмұны	Сағаттар саны		
		барлығы	дәрістер	тәжірибелік сабақтар
1.	Салалық кәсіподақтың мақсаттары мен міндеттері. Олардың Кәсіподақ қызметінің 2019-2024 жылдарға арналған Бағдарламасында көрсетілуі. Кәсіподақтың XIV Съезінің материалдары.	2	2	-
2.	Ұйымдастырушылық жұмыстың негізгі бағыттары.	2	2	-
3	Кәсіподаққа тарту жөнінде қызметкерлермен жұмысты ұйымдастыру. Кәсіподақ мүшелігіне ынталандыру.	2	1	1
4.	Кәсіподақ ұйымындағы негізгі құжаттар	3	2	1

	мазмұнының құрылымы. Кәсіподақ ұйымындағы іс қағаздарын жүргізу.			
5.	Әлеуметтік әріптестік. Ұжымдық шарт.	3	1	2
6.	Кәсіподақтағы ақпараттық жұмыс. Жаңа нысандар.	2	2	-
	<b>Барлығы</b>	<b>14</b>	<b>10</b>	<b>4</b>

#### **4. «ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒЫ ЖАҒДАЙДАҒЫ КӘСІПОДАҚТАҒЫ ҰЙЫМДАСТЫРУШЫЛЫҚ ЖҰМЫС: МӘСЕЛЕЛЕР, ЖАҚСARTУ ЖОЛДАРЫ, БОЛАШАҚ»**

**Мақсаты:** бастауыш кәсіподақ ұйымы жұмысының бағыттары, кәсіподақ қызметіндегі ерекшеліктер туралы білім беру.

**Тыңдаушылар санаты:** бастауыш кәсіподақ ұйымдарының төрағалары, ұйымдастыру жұмыстары жөніндегі мамандар.

#### **ОҚУ-ТАҚЫРЫПТЫҚ ЖОСПАРЫ**

№	Бөлімдер мазмұны	Сағаттар саны		
		барлығы	дәрістер	тәжірибелік сабақтар
1	Кәсіподақ қызметі және іс-әрекетінің негізгі бағыттары.	2	2	
2	Кәсіподақ органының жұмысын ұйымдастыру: <ul style="list-style-type: none"> <li>• кәсіподақ комитетінің, тұрақты комиссиялардың жұмыстарын жоспарлау;</li> <li>• бастауыш ұйымдар мен олардың құрылымдық бөлімшелерінде (цех, кәсіподақ топтарында) жиналыстар өткізу;</li> <li>• кәсіподақ комитеті мен комиссия отырыстарын өткізу;</li> <li>• бастауыш кәсіподақ ұйымының құрылымын жетілдіру;</li> <li>• іс қағаздарын жүргізу.</li> </ul>	4	2	2
3	Кадрлармен, активпен жұмысты ұйымдастыру және <ul style="list-style-type: none"> <li>• іріктеу, орналастыру;</li> <li>• оқыту;</li> <li>• белсенді қызметке қатыстыру.</li> </ul>	2	1	1
4	Кәсіподақтар қызметін нормативтік-құқықтық қамтамасыз ету.	2	2	-
5	Төменгі және жоғарғы кәсіподақ органдары мен ұйымдарының өзара іс-әрекеті. Дөңгелек үстел.	2	-	2
	<b>Барлығы:</b>	<b>12</b>	<b>7</b>	<b>5</b>

#### 4. «КӘСІПОДАҚТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚ ҚОРҒАУ ҚЫЗМЕТІ»

**Мақсаты:** Еңбек саласындағы заңнамалық тұрғыдан білім алу, қызметкерлердің еңбек құқықтары мен мүдделерін қорғау жөнінде тәжірибелік дағдыларды дамыту.

**Тыңдаушылар санаты** — барлық деңгейдегі кәсіподақ ұйымдарының төрағалары, кәсіподақ заңгерлері.

#### ОҚУ-ТАҚЫРЫПТЫҚ ЖОСПАРЫ

№	Бөлімдер мазмұны	Сағаттар саны		
		барлығы	дәрістер	тәжірибелік сабақтар
1	Кәсіподақ қызметінің құқықтық негіздері	2	2	-
2	ҚР Еңбек кодексі: қолдану тәжірибесі және жетілдіру мәселелері	2	1	1
3	Еңбек заңнамасын орындамағаны үшін жұмыс беруші жауапкершілігінің кейбір мәселелері	2	2	
<b>Қызметкерлердің еңбек және әлеуметтік құқықтарын қорғаудағы кәсіподақтардың рөлі</b>				
4	Қызметкерлердің бірлесуге құқықтары. Кәсіподақтардың ҚР «Кәсіптік одақтар туралы» жаңа Заңы тұрғысында әлеуметтік-еңбек қатынастарын реттеудегі құқықтары.	2	2	-
5	Қызметкерлер мен жұмыс берушілердің құқықтары мен міндеттері. Әлеуметтік-еңбек қатынастарын реттеудегі кәсіподақтардың рөлі. Ұжымдық шарт.	2	2	-
6	Еңбек шарты: жасау, өзгерту, бұзу тәртібі.	2	1	1
7	Жұмыс уақыты және тынығу уақыты. Педагог қызметкерлердің жұмыс уақыты мен тынығу уақытының ерекшеліктері.	2	1	1
8	Жұмыс берушінің актілері. Сайланбалы кәсіподақ органының дәлелді пікірлерін есепке алу.	2	1	1
9	Жұмыс берушінің еңбек заңнамасын орындауына қоғамдық бақылау.	2	2	-
10	Еңбек қауіпсіздігіне және еңбекті қорғауға кәсіподақтық бақылау. Өндірістік кеңестер. ҚТ және ЕҚ жөніндегі қоғамдық инспекторлар.	2	1	1
11	Жеке еңбек даулары, оларды шешу тәртібі.	2	2	-
12	Білім беру жүйесіндегі жалақының есептелу ерекшеліктері.	3	2	1
13	Кәсіподақтардың құқықтық қызметтері: іс-әрекетінің өкілеттігі және негізгі бағыттары.	2	1	1
	<b>Барлығы</b>	<b>27</b>	<b>20</b>	<b>7</b>

## 6. «ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҚОРҒАУ»

**Мақсаты:** қолданыстағы заңнама аясында ұйымдардағы қызметкерлерді әлеуметтік-экономикалық қорғау әдістері жөніндегі білімді кеңейту.

**Тыңдаушылар санаты:** кәсіподақ ұйымдарының төрағалары, кәсіподақ активі.

### ОҚУ-ТАҚЫРЫПТЫҚ ЖОСПАРЫ

№	Бөлімдер мазмұны	Сағаттар саны		
		барлығы	дәрістер	тәжірибелік сабақтар
1	Қазақстан Республикасы Үкіметінің жаңа бюджеттік саясаты. ҚР «Педагог мәртебесі туралы» жаңа Заңы.	2	2	-
2	Қазақстан халқының өмір сүру деңгейінің қазіргі заманғы проблемалары, жұмыспен қамту мәселесі, өмір сүру индексінің көрсеткіштері. Адамдық капиталдың дамуы және осы мәселедегі кәсіподақтардың көзқарасы.	2	2	-
3	Жалдамалы қызметкерлердің экономикалық мүдделерін қорғау жөніндегі кәсіподақтардың қызметі.	2	2	-
<b>Барлығы</b>		<b>6</b>	<b>6</b>	

## 7. «ҚР ЕҢБЕК ЗАҢНАМАСЫН ҚОЛДАНУ ТӘЖІРИБЕСІ. ЕҢБЕК ҚАТЫНАСТАРЫН ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕТТЕУДЕГІ КӘСІПОДАҚТАРДЫҢ РӨЛІ»

**Мақсаты:** Әлеуметтік-еңбек қатынастарын реттеу мәселелерінде еңбек заңнамасын қолдану тәжірибесі туралы түсінікті кеңейту.

**Тыңдаушылар санаты:** кәсіподақ ұйымдарының төрағалары, ұйымдастыру жұмысы жөніндегі мамандар, кәсіподақ ұйымдарының заңгерлері.

### ОҚУ-ТАҚЫРЫПТЫҚ ЖОСПАРЫ

№	Бөлімдер мазмұны	Сағаттар саны		
		барлығы	дәрістер	тәжірибелік сабақтар
1	Жаңа жағдайдағы кәсіподақ қызметінің стратегиясы мен тактикасы туралы (ҚРКФ және Салалық кәсіподақ съездерінің материалдары бойынша)	2	2	-
2	Еңбек шарты. Еңбек шартын сауатты жасаудың жалпы принциптері. Жұмыс берушінің бастамасы бойынша еңбек шартын бұзу негіздемесі мен тәртібі.	2	2	-
3	Саладағы қызметкерлердің еңбек құқықтарын жүйелі бұзушылық.	2	2	-
4	Жеке және ұжымдық еңбек даулары. Қызметкерлердің мүдделеріне өкілдік.	2	2	-
<b>Барлығы</b>		<b>8</b>	<b>8</b>	-

## 8. «ҰЖЫМДЫҚ ШАРТ»

**Мақсаты:** Ұжымдық шартты дайындау және жасау кезінде теориялық білім мен тәжірибелік дағдыларды үйрену.

**Тыңдаушылар санаты:** кәсіподақ ұйымдарының төрағалары, төраға орынбасарлары.

### ОҚУ-ТАҚЫРЫПТЫҚ ЖОСПАРЫ

№	Бөлімдер мазмұны	Сағаттар саны		
		барлығы	дәрістер	тәжірибелік сабақтар
1	«Ұжымдық шарт» ұғымы, оның құрылымы.	4	2	2
2	Ұжымдық шарттың заңнамалық базасы.	3	2	1
3	Ұжымдық шарт – қызметкерлерге қосымша әлеуметтік-экономикалық кепілдіктер беру құралы.	3	1	2
4	Ұжымдық шартты дайындауға дағдылану.	3	1	2
5	Конфликтология негіздері. Ұжымдық шартты жасау кезіндегі жанжалдарды шешу.	2	2	-
6	Кәсіпорындағы, ұйымдағы ұжымдық шарттың орындалуын бақылау.	3	1	2
<b>Барлығы</b>		<b>18</b>	<b>9</b>	<b>9</b>

## 9. «ҰЖЫМДЫҚ КЕЛІССӨЗДЕРДІ ДАЙЫНДАУ ЖӘНЕ ЖҮРГІЗУ ТЕХНОЛОГИЯСЫ»

**Мақсаты:** Ұжымдық келіссөздерді жүргізу жөнінде білім, дағдылар мен іскерлік деңгейін арттыру.

**Тыңдаушылар санаты:** кәсіподақ ұйымдарының төрағалары, кәсіподақ органдарының мамандары, кәсіподақ комитеттерінің мүшелері.

### ОҚУ-ТАҚЫРЫПТЫҚ ЖОСПАРЫ

№	Бөлімдер мазмұны	Сағаттар саны		
		барлығы	дәрістер	тәжірибелік сабақтар
1	Ұжымдық келіссөздерді жүргізудің негізгі басымдылықтары.	2	2	-
2	Ұжымдық шарттағы еңбекақы төлеу мәселесі. Еңбекақы төлеу қаражатының жұмсалуды талдау және ұжымдық шартты жасау кезінде оның қолданылуы.	2	2	-
3	Ұжымдық келіссөздерді ұйымдастыру. Мақсаттарды тұжырымдау.	4	2	2
4	Келіссөздерге дайындалу. Мақсатқа жету жолдарын іздеу, дәлелдер және олардың мақсатқа сәйкестілігі.	3	2	1
5	Келіссөздер - іскерлік қатынастың түрі. Келіссөздер жүргізудің ауызша және ауызша емес құрамалары.	3	1	2
6	Келіссөздер жүргізу технологиясы. Келіссөздер	4	2	2

	жүргізудің стратегиясы.			
7	Келіспеушілік жағдайында келіссөз жүргізу. Жанжалдарды шешу.	4	1	3
8	Келіссөз жүргізуді қорытындылау. Талдау, баға беру, түйін, келісімді орындау.	2	2	-
9	«Келіссөздер» іскерлік ойыны.	2	-	2
	<b>Барлығы</b>	<b>26</b>	<b>14</b>	<b>12</b>

## **10.«ЖАЛАҚЫ. КӘСІПОДАҚТАРДЫҢ ЖАЛАҚЫНЫ РЕТТЕУГЕ ҚАТЫСУЫ»**

**Мақсаты:** Ұйымдағы қаржы қызметінің ерекшеліктері, жалақыны есептеу туралы білім алу.

**Тыңдаушылар санаты** — басшылар, мамандар.

### **ОҚУ-ТАҚЫРЫПТЫҚ ЖОСПАРЫ**

№	Бөлімдер мазмұны	Сағаттар саны		
		барлығы	дәрістер	тәжірибелік сабақтар
1.	Жалақыны құрудың негізгі принциптері. Білім беру жүйесінде еңбекақы төлеу – жаңа аспектілер.	2	2	-
2.	Еңбекақы төлеу жүйелері. Қызметкерлердің әртүрлі санаттарының жалақылары. Еңбекті нормалау. Материалдық ынталандырудың қосымша түрлері (сыйлықақылар, қосымша ақылар, еңбек демалыстарының ақысы және т.б.)	3	2	1
3.	Орташа жалақыны есептеу. Жалақыны индекстеу мәселесі.	2	1	1
4.	Басқа жұмысқа, толық емес жұмыс аптасына ауыстыру кезінде қызметкерлердің жалақыға құқықтарын кәсіподақтардың қорғауы. Оқу жүктемесі көлемін қысқарту кезіндегі қызметкерлердің құқықтары.	2	2	-
5.	Жалақыны уақытында төлемегені үшін әкімшіліктің жауапкершілігі.	1	1	
6.	Ұжымдық шартпен көзделген, жалақыны төлеуге байланысты салықтар мен сақтандыру жарналарын есептеу.	2	2	-
	<b>Барлығы</b>	<b>12</b>	<b>10</b>	<b>2</b>

## **11.«КӘСІПОДАҚТАҒЫ АҚПАРАТТЫҚ ЖҰМЫС»**

**Мақсаты:** Кәсіподақ ұйымындағы ақпараттық қызметтің білімін және тәжірибелік дағдыларын үйрену.

**Тыңдаушылар санаты:** кәсіподақ ұйымдарының төрағалары, кәсіподақ активі, ұйымдастыру жұмыстары жөніндегі мамандар.

## ОҚУ-ТАҚЫРЫПТЫҚ ЖОСПАРЫ

№	Бөлімдер мазмұны	Сағаттар саны		
		барлығы	дәрістер	тәжірибелік сабақтар
1	Кәсіподақ ұйымындағы ақпараттық жұмыстың ерекшеліктері. Ақпараттық жұмыс – имидж саясатының факторы.	2	2	-
2	Кәсіподақтағы ақпараттық жұмыстың негізгі түрлері. Жаңа технологиялық құралдарды пайдалану.	4	2	2
3	Кәсіподақ ұйымындағы көрнекі және ақпараттық материалдарды дайындауға қойылатын талаптар.	3	1	2
4	Ақпаратты қабылдаудың психологиялық ерекшеліктері. БАҚ өзара іс-әрекеттің негізгі мәселелері. Баспасөз хабарламалары мен ақпараттық бюллетеньдерді дайындау.	3	1	2
<b>Барлығы</b>		<b>12</b>	<b>6</b>	<b>6</b>

### 12.«КӘСІПОДАҚ МҮШЕЛІГІНЕ ЫНТАЛАНДЫРУ»

**Мақсаты:** Адамдарды кәсіподаққа ынталандыруда тәжірибелік дағдылар мен білімге үйрену және кәсіподақ мүшелерінің кәсіподақтық белсенділіктерін арттыру.

**Тыңдаушылар санаты:** кәсіподақ активі.

## ОҚУ-ТАҚЫРЫПТЫҚ ЖОСПАРЫ

№	Бөлімдер мазмұны	Сағаттар саны		
		барлығы	дәрістер	тәжірибелік сабақтар
1	Кәсіподақ ұйымы қызметінің негізгі бағыттары және оның кәсіподақ белсенділігін ынталандыруға ықпалы.	2	2	-
2	Кәсіподақ ұйымындағы ұйымдастырушылық жұмыс мәселелері.	2	1	1
3	Кәсіподақ ұйымындағы мүшелерді ынталандыру ұғымы. Дәлелдер құрылымы.	3	2	1
4	Қызметкерлерді кәсіподаққа ынталандыру және кәсіподақ мүшелерінің белсенділігін арттыру технологиясы.	3	1	2
<b>Барлығы</b>		<b>10</b>	<b>6</b>	<b>4</b>

### 13.КӘСІПОДАҚ ҰЙЫМДАРЫНЫҢ ҚАРЖЫ ҚЫЗМЕТІ

**Мақсаты:** Кәсіподақ ұйымындағы қаржы қызметінің заңнамалық базасы, есеп және салық саясаты, іс қағаздарын жүргізу, бухгалтерлік есеп және салық салу туралы түсінігін кеңейту және жаңа білім алу.

**Тыңдаушылар санаты** — кәсіподақ ұйымдарының бухгалтерлері.

## ОҚУ-ТАҚЫРЫПТЫҚ ЖОСПАРЫ

№	Бөлімдер мазмұны	Сағаттар саны		
		барлығы	дәрістер	тәжірибелік сабақтар
1.	Қазақстан Республикасындағы бухгалтерлік (қаржылық) есеп беру және есеп. Кәсіподақтардың қаржы қызметінің заңнамалық базасы. Ұйымның қаржы саясаты.	2	2	-
2.	Бухгалтерлік баланс. Ақшалай қаражаттың қозғалысы туралы есеп. Біріктірілген бухгалтерлік есеп беру, статистикалық есеп беру.	4	3	1
3.	ҚР Салық кодексіне түсініктемелер. Салықтық база. Салық мөлшері. Кәсіподақ ұйымдарындағы салық салудың ерекшеліктері. Салық және міндетті төлемдер төлеудің мерзімдері.	2	2	-
4.	Жеке тұлғаларға салық салу.	2	2	
5.	Бухгалтериядағы іс қағаздарын жүргізу. Бастапқы құжаттарды есепке алу.	2	1	1
	<b>Барлығы</b>	<b>12</b>	<b>10</b>	<b>2</b>

## 14. КӘСІПОДАҚТЫҢ БАҚЫЛАУ-ТЕКСЕРУ ҚЫЗМЕТІ

**Мақсаты:** Тексеру комиссиясы мүшелерінің біліктілігін арттыру.

**Тыңдаушылар санаты:** тексеру комиссиясының мүшелері.

## ОҚУ-ТАҚЫРЫПТЫҚ ЖОСПАРЫ

№	Бөлімдер мазмұны	Сағаттар саны		
		барлығы	дәрістер	тәжірибелік сабақтар
1	Кәсіподақтардың қаржы қызметінің заңнамалық базасы. Қазіргі заманғы жағдайдағы қаржы жұмысының негізгі принциптері мен ерекшеліктері. Кәсіподақтың бақылау-тексеру органдарының рөлі.	2	2	-
2	Бақылау-тексеру комиссиясының жұмысын ұйымдастыру тәртібі.	3	2	1
3	Кәсіподақ ұйымының қаржы-шаруашылық қызметін тексеруді жүргізу тәртібі және тексеру нәтижелерін рәсімдеу.	4	3	1
4	Кәсіподақ ұйымының қаржылық міндеттері мен мүліктерін түгендеуді жүргізу тәртібі.	2	1	1
5	Кәсіподақ ұйымындағы іс қағаздарын жүргізу дұрыстығын тексеру тәртібі	2	1	1
	<b>Барлығы</b>	<b>13</b>	<b>9</b>	<b>4</b>

## 15. КӘСІПОДАҚТЫҢ ҰЙЫМДАСТЫРУШЫЛЫҚ-БҰҚАРАЛЫҚ ЖҰМЫСЫ

**Мақсаты:** Ұйымдастырушылық-бұқаралық жұмыс жөнінде мамандардың біліктіліктерін арттыру.

**Тыңдаушылар санаты:** барлық деңгейлердегі кәсіподақ органдарының ұйымдастырушылық-бұқаралық жұмыс жөніндегі мамандары

### ОҚУ-ТАҚЫРЫПТЫҚ ЖОСПАРЫ

№	Бөлімдер мазмұны	Сағаттар саны		
		барлығы	дәрістер	тәжірибелік сабақтар
1.	Қазақстан Республикасының қазіргі заманғы кәсіподақ қозғалысындағы өзекті мәселелерді талдау.	2	2	-
2.	Кәсіподақ органдарының ұйымдастырушылық-бұқаралық жұмысы, оның міндеттері және жұмысты ұйымдастыру.	2	1	1
3.	Кәсіподақ кампанияларын жүргізу технологиясы: ынтымақтастық, наразылық акциялары, кәсіподаққа жаңа мүшелерді тарту.	2	1	1
4.	Сұрақтар дайындау. Кәсіподақ жұмысындағы социологиялық зерттеулер аспектілері. Сауалнамалар, нәтижелерді талдау.	2	1	1
5.	Кәсіподақтың кадрлық саясаты: іріктеу, орналастыру, кадрлар мен активті оқыту. Резерв құру және оны оқыту.	2	2	-
<b>Барлығы</b>		<b>10</b>	<b>7</b>	<b>3</b>

## 15. КӘСІПОДАҚТАҒЫ МӘДЕНИ-БҰҚАРАЛЫҚ ЖҰМЫС

**Мақсаты:** Мәдени-бұқаралық жұмыс жөніндегі кәсіподақ органдары мамандарының, кәсіподақ активінің біліктіліктерін арттыру.

**Тыңдаушылар санаты:** мәдени-бұқаралық комиссиялар төрағалары, кәсіподақ органдарының мамандары.

### ОҚУ-ТАҚЫРЫПТЫҚ ЖОСПАРЫ

№	Бөлімдер мазмұны	Сағаттар саны		
		барлығы	дәрістер	тәжірибелік сабақтар
1.	Қазіргі заманғы бұқаралық мәдениет ұғымы, даму үрдісі.	2	2	-
2.	Мәдени-бос уақыт саласындағы менеджмент және маркетинг.	2	1	1
3.	Өртүрлі жастағы адамдар үшін мәдени-бұқаралық шараларды ұйымдастыру.	2	1	1
4.	Кәсіподақтардың мәдени-бұқаралық жұмысы – кәсіподақ мүшелігіне ынталандыру факторы.	2	2	-
<b>Барлығы</b>		<b>8</b>	<b>6</b>	<b>2</b>

## 17. «ӘЛЕУМЕТТІК ӘРІПТЕСТІК» ЖҰМЫС БЕРУШІЛЕР ӨКІЛДЕРІ МЕН КӘСІПОДАҚ ҰЙЫМДАРЫНЫҢ ТӨРАҒАЛАРЫН БІРЛЕСІП ОҚИТУ

**Мақсаты:** әлеуметтік әріптестік шеңберінде жұмыс берушілер өкілдерімен өзара іс-әрекет мәселесінде кәсіподақ кадрлары мен активінің біліктілігін арттыру.

**Тыңдаушылар санаты:** кәсіподақ ұйымдарының төрағалары, аудандық комитеттер төрағалары, билік органдарының өкілдері, жұмыс берушілер өкілдері.

### ОҚУ-ТАҚЫРЫПТЫҚ ЖОСПАРЫ

№	Бөлімдер мазмұны	Оқу сағаттарының саны				
		барлығы	дәрістер	тәжірибе алмасу	"Дөңгелек үстел"	Іскерлік ойын
1	Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі: мақсаттары, міндеттері, әлеуметтік әріптестік саласындағы негізгі принциптері.	2	2	-	-	-
2	Қазақстан Республикасындағы трипартизм жүйесі.	2	2	-	-	-
3	Әлеуметтік әріптестік тараптары өкілдерінің өзара іс-әрекет түрлері.	2	-	2	-	-
4	Еңбек қатынасы саласындағы жұмыс берушілердің, қызметкерлердің және олардың өкілдерінің өзара іс-әрекеті.	4	2	2	-	-
5	Ұжымдық шарт – ұйымдағы әлеуметтік-еңбек қатынастарын реттеу құралы. Ұжымдық шарттың мазмұны.	3	1	2	-	-
6	Ұжымдық шарттық процесті жетілдіру мәселелері.	3	-	-	3	-
7	Қызметкерлерді жұмыстан шығару жағдайында олардың еңбек құқықтарының қадағалануы туралы.	4	2	2	-	-
8	Еңбек заңнамасын бұзғаны үшін жауапкершілік.	2	2	-	-	-
9	Еңбек шарты: мазмұны, тәртібі, жасау, бұзу, өзгерту.	3	3	-	-	-
10	Еңбек шарты тараптарының материалдық жауапкершілігі.	2	2	-	-	-
11	Жұмыс уақыты туралы еңбек заңнамасы.	2	2	-	-	-
12	ҚР еңбек заңнамасы бойынша кепілдіктер мен өтемақылар.	2	2	-	-	-
13	Еңбек тәртіптемесі және еңбек	2	2	-	-	-

	тәртібі жөніндегі Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі.					
14	Қызметкерлердің жекеленген тобының еңбегін реттеудің ерекшеліктері жөнінде еңбек заңнамасы.	2	2	-	-	-
15	Ұйымның жергілікті құқықтық актілері.	2	2	-	-	-
16	Еңбек дауларын тудыратын себептерді жоюда ұжымдық шарттар мен келісімдердің рөлі мен маңызы.	2	2	-	-	-
17	Ұйымдағы ұжымдық еңбек дауларын шешу.	2	2	-	-	-
18	ҚР еңбекті қорғау туралы заңнамасы.	2	2	-	-	-
19	Қазіргі заманғы еңбек нарығы және халықты жұмыспен қамту мәселелері.	2	2	-	-	-
20	<b>Іскерлік ойын.</b> Келіссөздер - ұжымдық шартты жасау кезінде қызметкер мен жұмыс беруші арасындағы өзара қарым-қатынасты орнату негізі.	4	-	-	-	4
	<b>БАРЛЫҒЫ:</b>	<b>45</b>	<b>30</b>	<b>8</b>	<b>3</b>	<b>4</b>

## 18. КӘСІПОДАҚТЫҚ ОҚУ. ЖАҢА ТӘСІЛДЕР, ЖАҢА НЫСАНДАР

**Мақсаты:** Кәсіподақтық оқу сапасын арттыру, оқытушылар, жаттықтырушыларды (тренерлерді) дайындау, кәсіподақ топтарымен жұмыс дағдысын қалыптастыру, кәсіподақтық оқу ерекшелігі туралы түсінікті кеңейту.

**Тыңдаушылар санаты:** кәсіподақ оқытушылары, кәсіподақ ұйымдарында оқуды ұйымдастыруға қатыстырылатын кәсіподақ белсенділері.

### ОҚУ-ТАҚЫРЫПТЫҚ ЖОСПАРЫ

№	Бөлімдер мазмұны	Сағаттар саны		
		барлығы	дәрістер	тәжірибелік сабақтар
1	Кәсіподақ білімін ұйымдастыру және жетілдіру мәселелері.	2	2	
2	Дәріс берудің психологиялық-педагогикалық негіздері.	10	4	6
	Ересектерді оқытудың психологиялық ерекшеліктері.	2	1	1
	Кәсіподақ кадрлары мен активін оқытуға ынталандыру.	2	1	1
	Оқытушының жеке тұлғасы: талаптар, өзін-өзі дамыту.	2	1	1
	Топтың психологиясы. Шағын топтардағы нәтижелі жұмыстың шарттары.	4	1	1

3.	Оқыту әдістемесі.	26	11	15
	Оқу процесі: мақсаты, жоспарлау және ұйымдастыру.			
	Білім беру бағдарламасы: құрылымы мен мазмұны.			
	Бірыңғай оқыту модулі.			
	Қазіргі заманғы білім беру технологиялары.			
	«Дөңгелек үстелді» өткізу әдістемесі, пікірталастар.			
	Іс-әрекетпен оқыту – инновациялық білім беру технологиясы.			
	Тәжірибелік сабақ.			
	Нақты жағдайларды талдау әдісі.			
	Іскерлік ойын.			
	Авторлық ойынды модельдеу.			
	Тренинг – оқу жаттығуының түрі.			
	Оқытудың техникалық құралдары.			
	<b>Барлығы:</b>	<b>40</b>	<b>19</b>	<b>21</b>